

I. Әмірхан, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Б. Ақылбекова, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ — ҚАУІПТІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы алғашқы таптық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдар қалыптасқан уақыттар қойнауына жетелейді. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық туралы жазбаша мәліметтердің ең алғашқыларын Көне Бабалардың б.з.д. XXIV ғасырдағы мұрағаттарынан көруге болады.

Қазақтың феодалдық қоғамының кезеңінде қазіргі біз сыбайлас жемқорлық деп санайтын қылмыс үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Қазақстан Ресейге қосылғанға дейін сыбайлас жемқорлық легитимдік институттың нысанында көрініс тапты. Жоғарыда отырған өкілдерге берілген сыяпат феодалдық міндеттілікпен сипатталады. Хандардың, сұлтандардың, билердің және басқа да жоғары тап өкілдерінің пайдасы үшін қарапайым жер иеленушілерден (пайдаланушылардан) ұдайы «ұшыр» салығы алынды, — бұл егіннің оннан бір бөлігі. Мал шаруашылығымен айналысатындар «зекет» салығын төледі. Сонымен қатар, феодалдық жоғары таптың пайдасына соғым немесе сыбаға түрінде сыйлық жиналған.

Қазақ елінде XVI ғасырдың басында «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын Қасым ханның заңы жүргізілді. Оның негізіне әдет-ғұрып құқығы енгізілді. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы XVII ғасырдың соңында Тәуке ханның тұсында біртұтас жинақ түрінде «Жеті жарғы» деген атаумен түпкілікті кодификацияланды және толықтырылды.

Т. М. Культелеевтің айтуы бойынша, сол кезде қазақтың әдет-ғұрып құқығы үш негізден тұрды: әдет-ғұрып, сот билерінің тәжірибесі және би съезд ережелері¹. Сол кезеңде Қазақстанда сот қызметін қазақтың әдет-ғұрып құқығының негізінде хандар, сұлтандар және билер атқарған. Ханның сот талқылауы, соңғы сот инстанциясы ретінде қарастырылды. Сот талқылау үшін ол «хандық» деп аталатын сыйақының белгілі сомасын алып отырған. Хан әдет-ғұрып құқығының негізінде соттаған, әдет-ғұрып құқығындағы ақтаңдақтарды өзінің құқық шығармашылық қызметімен ауыстырып отырды. Осылайша, ханның сот шешімі әдет-ғұрып құқығын толықтырды және құқықтың жаңа нормаларын құруға алып келді. Әдет-ғұрып құқығы бойынша, судьяларға тарту, сыбаға және тағы басқаларды жасауға тыйым

салынбады. Сондықтан, феодалдық жоғары өкілдер ірі мөлшерде сыйақы алу үшін қылмыстық істерді және басқа да дауларды әдейі ұзартқан, қиындатқан.

Бүгінгі таңдағы сыбайлас жемқорлықтың мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді².

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей:

1. Қолма-қол айналымды азайту, есептесудің заманауи электрондық жолдарын кеңейту, есеп берудің ақша айналымын бақылауды жеңілдететін, қолма-қол пара беру мүмкіндігін қиындататын заманауи тұрпаттарын ендіру;

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресумен айналысатын мамандардың біліктілігін арттыру;

3. Сыбайлас жемқорлықты азайту үшін қызметкерлердің жалақысын көтеру секілді мәселелерді қарастырса, сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жоймағанмен біршама азайтар едік.

¹ Рабинович Н. О. О наказуемости взяточничества // Право. — 1916. — № 11. — С. 669.

² Материалы по казахскому обычному праву. — Алматы, 1998. — С. 11.